

Бурабай ауданында 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 4 мамырдағы № А-4/151 қаулысы. Ақмола облысы Бурабай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 15 маусымда № 1-19-179 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 13 қаңтардағы № а-1/12 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2011.01.13 № а-1/12 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір – маусымында және қазан – желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығы, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір – маусымында және қазан – желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 қаулысына сәйкес, Ақмола облысы Бурабай аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақмола облысы Щучинск қаласының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) шақыру учаскесіне шақыруды кейінге қалдыру немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2010 жылдың сәуір – маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Аудандық шақыру комиссиясының құрамы құрылсын және бекітілсін (1 қ о с ы м ш а) .

3. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізудің кестесі бекітілсін (2, 3 қосымша).

4. Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Бурабай орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (келісім бойынша), Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Бурабай аудандық емхана» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (келісім бойынша) медициналық куәландырудан өткізу үшін шақыру комиссияларының құрамында медициналық комиссиялар құрсын.

5. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының ішкі істер департаменті Щучье ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, сондай-ақ облыстық жиын пунктінде әскерге шақырушылардың жөнелтілуі және кетуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімінің орынбасары М.Б. Нұрпановаға жүктелсін.

7. Осы қаулы 2010 жылдың 15 сәуірінен туындаған құқықтық қатынастарға т а р а т ы л а д ы .

8. Осы қаулы Ақмола облысы Бурабай ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бурабай ауданының әкімі

В. Балахонцев

«КЕЛІСІЛДІ»

«Ақмола облысы Щучинск қаласының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің бастығы Н.С. Саманов

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ақмола облысының ішкі істер департаменті Щучье ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының

міндетін атқарушы

С.Ф. Идрисов

Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Бурабай орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық

кәсіпорнының бас дәрігері

К.Ж.Бұрмағанов

[illegible]

[illegible]

[illegible]

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК